

Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен жанар-жағар материалдарын босату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 қазандағы N 778

1997 жылы болған өрттердің зардаптарын жою, күйген жерлерді тазарту және жарамды ағаштарды алып шығу, Шығыс Қазақстан облысының орман қоры аумағындағы ормандардың өртену қаупінің алдын алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті Шығыс Қазақстан облысының әкіміне мемлекеттік материалдық резервтен жалпы сомасы 60 (алпыс) миллион теңгеге 1600 (мың алты жүз) тонна автобензин мен 2600 (екі мың алты жүз) тонна дизель отынын бөлісін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Шығыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесіп:

1) алынған жанар-жағар материалдардың мақсатты пайдаланылуына бақылау орнатсын;

2) күйік шалған жерлерді ұқсату кезінде алынған ағаштарды сату есебінен 60 (алпыс) миллион теңгенің 1998 жылдың 1 желтоқсанына дейін республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі